

Шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринарлық режимін белгілеу туралы

Күші жойған

Алматы облысы Алакөл ауданы Екпінді ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 05 маусымдағы N 07 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 11 маусымда N 2-5-175 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл ауданы Екпінді ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 23 шілдедегі N 09 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл ауданы Екпінді ауылдық округі әкімінің 2012.07.23 N 09 Шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7)-тармақшасына және Алакөл аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық–санитариялық инспекторының 2012 жылғы 24 сәуірдегі N 7, 8 ұсыныстары негізінде, Екпінді ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Екпінді ауылдық округінің Үшқайың, Екпінді елді мекендерінде ұсақ мүйізді малдары арасынан сарып ауруының анықталуына байланысты шектеу іс шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринарлық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өз құзырымда қалдырамын.

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

М. Омаров